

Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2024 жылғы 27 желтоқсандағы № 87 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 30 желтоқсандағы № 35579 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулының қоланысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің Тізбесі бекітілсін.

2. Сақтандыру нарығы және актуарлық есеп айырысу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және дамыту
Агенттігінің Төрағасы

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу жөніндегі комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мәдениет және ақпарат министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2024 жылғы 27 желтоқсандағы
№ 87 Қаулыға
қосымша

Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі

1. "Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларын, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қыркүйектегі № 274 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3190 болып тіркелді) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидаларында, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттарында:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы Жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына қарыздар беру және сатып алу сомасын есептеу қағидалары, сондай-ақ жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз

сақтанушыларына қарыздар беруі бойынша көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі мен шарттары "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабының 20 және 20-1) тармақшаларына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 7) тармақшасына сәйкес әзірленді және исламдық сақтандыру ұйымдарын қоспағанда, жинақтаушы сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын сақтандыру ұйымының (бұдан әрі - сақтандырушы) сатып алу сомасының шегінде өз сақтанушыларына қарыздар беру, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру ұйымының филиалын қоспағанда, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымының өз сақтанушыларына сатып алу сомасы шегінде қарыздар беру бойынша қызмет көрсетуді ұсыну тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ сатып алу сомасын есептеу тәртібін белгілейді.";

14-3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14-3. Сақтанушы жинақтаудың барлық кезеңі үшін сақтандыру сыйлықақысын бірмезгілде төлеген сақтандыру шартын қоспағанда, жинақтау сақтандыру шартының қолданылуының бірінші жылының соңында сатып алу сомасының болуы көзделмейді.

Зейнетақы аннуитеті шартын қоспағанда, жинақтау сақтандыру шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сақтандырушы сақтанушыдан сақтандыру шартын бұзу туралы өтінішті алған күнге есептелген сатып алу сомасын сақтанушыға төлейді.

Зейнетақы аннуитеті шарты мерзімінен бұрын бұзылған кезде сатып алу сомасын аудару Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32831 болып тіркелген, "Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 45 қаулысымен бекітілген Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартының 16-тармағының 3) тармақшасына сәйкес жүзеге асырылады."

2. "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13928 болып тіркелді) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін жетілдіру мәселелері бойынша

өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Актuariйлерді оқытудың ең қысқа міндетті бағдарламасын, халықаралық актуариілер қауымдастықтарының тізбесін және оларға қойылатын талаптарды, Міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына және табыс етілу тәртібіне қойылатын талаптарды, Актuariйдің біліктілігін растауға қойылатын талаптарды, Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуариі жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларын және мерзімдерін, Сақтандыру нарығындағы актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия беру қағидаларын, Тестілеу өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 191 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17618 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабының 5-тармағына, 18-1-бабының 4-тармағына, 40-бабының 2, 3 және 4-тармақтарына, 43-бабының 8) тармақшасына және 75-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті актуарлық қорытындының мазмұнына және табыс етілу тәртібіне қойылатын талаптарда:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Сақтандыру резервтерінің есебіне міндетті актуарлық қорытынды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар актуариі (бұдан әрі – лицензияланған актуариі) жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру резервтері мөлшерінің міндетті актуарлық есебінен тұрады. Сақтандыру резервтерінің есебіне актуарлық қорытынды Талаптарға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) есепті жылдан кейінгі жылғы 31 мамырдан (қоса алғанда) кешіктірілмей ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 1-1- тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша міндетті актуарлық қорытынды сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған лицензияланған актуариі жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру міндеттемелері мөлшерінің міндетті актуарлық есебінен тұрады. Сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша актуарлық

қорытынды Талаптарға 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді және уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырға дейінгі мерзімде ұсынылады.";

2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сақтандыру резервтерінің есебіне актуарлық қорытынды және сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша актуарлық қорытынды кемінде 3 (үш) данадан дайындалып, лицензияланған актуариймен қол қойылады. Актуарлық қорытындының бір данасы лицензияланған актуарийде қалады, бір данасын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы уәкілетті органға береді, актуарлық қорытындылардың қалған даналары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында болады.

3. Актуарлық қорытындыларға сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының " Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 19-бабының 4-тармағына сәйкес алынған есептілік және сақтандыру резервтерін есептеу және сақтандыру міндеттемелерін бағалау үшін қажетті немесе сақтандыру резервтерін есептеу және сақтандыру міндеттемелерін бағалау кезінде лицензияланған актуарий пайдаланған материалдар қоса беріледі.";

1-қосымша Тізбеге 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 3-қосымшаға сәйкес редакцияда 1-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Актуарийдің біліктілігін растауға қойылатын талаптарда:

1-қосымша Тізбеге 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидаларында және мерзімдерінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарийдің қызметін тексеру үшін тәуелсіз актуарийді тарту, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатында тұрған актуарий жүргізген есептеулердің шынайылығын тексеру нәтижелерін жіберу қағидалары және мерзімдері (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының штатында тұрған қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) берген сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар актуарийдің актуарлық есептеулерін бағалау үшін тәуелсіз актуарийді тарту тәртібі мен мерзімдерін белгілейді.";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тәуелсіз актуарийді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы штаттық актуарийдің актуарлық есептеулеріне міндетті не бастамалық бағалау жүргізу үшін тартады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Штаттық актуарийдің актуарлық есептеулеріне міндетті бағалау есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша күнтізбелік жылда кемінде бір рет жүргізіледі және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтері мен сақтандыру міндеттемелерінің мөлшерін бағалауды қамтиды.";

5-11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы штаттық актуарийдің актуарлық есептеулеріне бағалауды бір тәуелсіз актуарийдің бірінде қатарынан 5 (бес) жылдан артық емес жүргізеді.

6. Тәуелсіз актуарийді штаттық актуарийдің актуарлық есептеулерін бағалау үшін тартуға мынадай жағдайларда:

1) тәуелсіз актуарий штаттық актуарийдің актуарлық есептері бағаланатын, оның акционерлері және (немесе) басшы қызметкерлері тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғасы және штаттағы актуарийдің туысы болып табылған;

2) тәуелсіз актуарийдің актуарлық есептеулеріне қатысты штаттағы актуарий тәуелсіз актуарий ретінде бағалау аяқталған күнге дейін күнтізбелік 1 (бір) жыл ішінде немесе көрсетілген күндердің қайсысы кеш болуына байланысты есепті жылдың алдындағы жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бағалау жүргізілген;

3) тәуелсіз актуарий соңғы күнтізбелік 2 (екі) жыл ішінде штатында актуарлық есептеулер бағаланатын штаттағы актуарий тұрған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қызметін жүзеге асырған болса жол берілмейді.

Тәуелсіз актуарий қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша актуарийдің үлестес тұлғалары туралы мәліметтерді және 2-нысан бойынша актуарлық қызметті жүзеге асыру туралы ақпаратты ұсынады.

7. Штаттағы актуарийдің актуарлық есептеулеріне бастамалық бағалау сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы акционерлерінің жалпы жиналысының, директорлар кеңесінің және (немесе) басқармасының, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының уәкілетті органының бастамасы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалы және тәуелсіз актуарий арасында жасалған бағалау жүргізуге арналған шартта көзделген бағалаудың нақты міндеттерін, мерзімдері мен көлемдерін ескере отырып жүргізіледі.

8. Штаттық актуарийдің актуарлық есептеулерін бағалау тәуелсіз актуарийдің бағалау нәтижелері, соның ішінде актуарлық есептеулердің дұрыстығын бағалау, тәуелсіз актуарийдің сақтандыру резервтерін есептеу бойынша және сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша актуарлық қорытындысы түрінде ресімделеді. Бұл қорытындылар Қағидаларға сәйкес 2 және 2-1 қосымшаларындағы нысандар бойынша кемінде 3 (үш) данадан дайындалады.

9. Тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындыларына Заңның 19-бабының 4-тармағына сәйкес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымынан алынған есептілігінің көшірмесі және штатында тұрған актуарийдің актуарлық есептеулерін бағалау кезінде тәуелсіз актуарий жүргізген есептеулер қоса беріледі.

10. Штаттағы актуарийдің актуарлық есептеулерін міндетті бағалауды қоспағанда, тәуелсіз актуарийдің актуарлық қорытындысының бір данасын тәуелсіз актуарий бағалау аяқталған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде уәкілетті органға ұсынады. Актуарлық қорытындының бір данасы тәуелсіз актуарийде қалады, қалған даналары сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында болады.

11. Штатта тұрған актуарийдің есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша актуарлық есептеулерін міндетті бағалау бойынша тәуелсіз актуарийдің сақтандыру резервтерінің есебіне актуарлық қорытындысын тәуелсіз актуарий бағалау аяқталған күннен кейін, бірақ есепті жылдан кейінгі жылдың 31 (отыз бірінші) мамырынан (қоса алғанда) кешіктірмей күнтізбелік 10 (он) күн ішінде уәкілетті органға ұсынады.

Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру резервтерінің есебіне актуарлық қорытындысы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуелсіз актуарийдің халықаралық актуарийлер қауымдастығына мүшелігін растайтын құжатты (бар болса) қоса бере отырып ұсынылады.";

мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

"12. Тәуелсіз актуарийдің есепті жылдан кейінгі жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша штатта тұрған актуарийдің актуарлық есептеулерін міндетті бағалау жөніндегі сақтандыру міндеттемелерін бағалау жөніндегі актуарлық қорытындысын тәуелсіз актуарий бағалау аяқталған күннен кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде, бірақ есепті жылдан кейінгі жылғы 31 (отыз бірінші) мамырдан кешіктірмей уәкілетті органға ұсынады.

Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру міндеттемелерін бағалау жөніндегі актуарлық қорытындысы Қағидаларға 2-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәуелсіз актуарийдің халықаралық актуарийлер қауымдастығына мүшелігін растайтын құжатты (бар болса) қоса бере отырып ұсынылады.";

2-қосымша Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакциядағы 2-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Тестілеу өткізу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Тестілеу өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 40-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және тестілеу өткізу тәртібін айқындайды."

4. "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18290 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 47-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:";

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне олардың құрылымына қойылатын талаптарда:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Пропорция әдісі бойынша ЕСР әрбір шарт бойынша есептелген еңбек сіңірілмеген сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы әрбір шарт бойынша есепті күні сақтандырып қорғаудың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күндермен) сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі (күндермен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының көбейтіндісі ретінде айқындалады:

$$ЕСР = СС \times \left(\frac{T_1 - T_2}{T_1} \right), \text{ мұнда:}$$

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

T1 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғау қолданылатын күндер саны (егер сақтандырып қорғаудың қолданылу күні сақтандыру шарты күшіне енген күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейінгі күндер саны);

T2 – сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) сақтандырып қорғаудың қолданылуы аяқталған күндер саны (егер

сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күн сақтандыру шарты күшіне енген күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) өткен сақтандырып қорғаудың қолданылу күндерінің саны).

"Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына (бұдан әрі - № 304 қаулы) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22231 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының пруденциялық нормативтерінің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібін және олардың ең төмен мөлшерін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 17 ақпандағы № 32 қаулысына (бұдан әрі - № 32 қаулы) сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша ЕСР есебі "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабына сәйкес есептелген сақтандыру сыйлықақысының мөлшеріне және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13928 болып тіркелген "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 140 қаулысымен бекітілген Көлік құралдары иелерінің

азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидаларына (бұдан әрі – "бонус-малус" жүйесі бойынша Қағидалар) қосымшада белгіленген коэффициенттерге қарай, "бонус-малус" жүйесі бойынша Қағидалардың 15-тармағының талаптары қолданылмай жүзеге асырылады.";

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49. Пропорционалды қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша коэффициентінің және ЕСР-дің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі= $bRE * ECP$, мұнда:

bRE коэффициенті қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысына қатысына тең.

№ 304 қаулысына және № 32 қаулысына сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде bRE коэффициентінде қайта сақтандыру (сақтандыру) шарты бойынша цедентке, сақтандыру брокеріне не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалына комиссиялық сыйақыны және қайта сақтандыруға берілетін тәуекелдер бойынша сақтандыруды қорғауға жатпайтын қайта сақтандырушыдан, сақтандыру делдалдарға және өзге де тұлғаларға төлемдерді қоспағанда, қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есепке алынады.";

49-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"49-1. № 304 қаулыға және № 32 қаулысына сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде талаптарында қайта сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен соң тиісті қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта есептелуге (түзетілуге) тиіс ең төмен депозит сыйлықақысы (немесе депозит сыйлықақысы) (бұдан әрі - ЕДС) көзделген қайта сақтандыру шарты бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі көрсетілген қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта сақтандырушыға есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасын (ЕДС болып табылмайтын) негізге ала отырып айқындалады, немесе 0 (нөлге) тең.

№ 304 қаулыға және № 32 қаулысына сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде талаптарында қайта сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен соң тиісті қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта есептелуге (түзетілуге) тиіс ЕДС және (немесе) қайта сақтандыру шарты (ковернотасы) мерзімінен бұрын бұзылған кезде сыйлықақы бөлігі қайтарылмауға тиіс талабы көзделген қайта сақтандыру шарты бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі есепті күнге қайтарылмайтын сомасына 0 (нөлге) тең.";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. № 304 қаулыға және № 32 қаулысына сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерінің барлығын немесе бір бөлігін беруді көздейтін қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 0 (нөлге) тең.

Талаптардың 53-тармағының талаптары апаттық тәуекелдерді беруге байланысты қайта сақтандыру келісімшарттарына қолданылмайды."

Тізбеге 1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2016 жылғы 30 мамырдағы
№ 140 қаулысымен
бекітілген

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары

1. Осы Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану қағидалары (бұдан әрі – Қағида) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 43-бабының 18-2) тармақшасына және "Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңы) 19-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленген және көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі – көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру) бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициентті есептеу және қолдану тәртібін айқындайды.

Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар мен терминдер Заңда және Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңда көрсетілген мағыналарда қолданылады.

"Бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттерді анықтау мақсатында (бұдан әрі – коэффициент) Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын жеке тұлға, міндетті автомобильдік сақтандыру шарты (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты) жасалған кезде оның азаматтығы және (немесе) жеке басы төмендегі құжаттармен расталады және (немесе) куәландырылады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматтының жеке куәлігі;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

- 3) Қазақстан Республикасында туу туралы куәлік;
- 4) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 5) азаматтығы жоқ адамның куәлігі.

2. Сақтандыру шарты жасалған кезде тиісті сыныпты (бұдан әрі – сынып) бере отырып, "бонус – малус" жүйесі бойынша коэффициенттер (бұдан әрі – коэффициент) Қағидаларға қосымшаға сәйкес сақтанушы (сақтандырылушы) үшін белгіленеді.

Сақтандырушының коэффициенттерді қолдануы үшін сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы ақпарат не сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы ақпараттың болмауы, сондай-ақ сақтандырушы сақтандыру жөніндегі бірыңғай дерекқордан (бұдан әрі – дерекқор) және (немесе) дерекқор арқылы мемлекеттік дерекқордан сақтандырушы алған, Қағидаларда көзделген өзге де ақпарат негіз болып табылады.

3. Сақтанушыға (сақтандырылушыға) сынып тағайындалған кезде оның кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары), сондай-ақ осының алдында сынып өзгертілген күннен бастап жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан, көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарты бойынша (бұдан әрі – міндетті сақтандыру шарты) сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған күндер және Қағидаларда көзделген өзге ақпарат есепке алынуға тиіс.

Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайының (сақтандыру жағдайларының) болуы Қағидалардың 6, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында белгіленген талаптарды ескере отырып, Қағидаларға қосымшаға сәйкес сақтанушының (сақтандырылушының) сыныбының төмендеуіне әкеп соғады. Бұл жағдайда ең төменгі сынып М2 сыныбы болып табылады.

Сыныпты одан жоғары сыныпқа өзгерту бір уақытта мынадай шарттар орындалған кезде жүзеге асырылады:

дерекқорды қалыптастыруды және жүргізуді жүзеге асыратын ұйымда сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (сақтандыру жағдайлары) туралы және сыныптың соңғы өзгерген сәтінен бастап дерекқорда есепке алынған ақпараттың болмауы;

жасалған міндетті сақтандыру шарттарының санына қарамастан, сақтанушының (сақтандырылушының) міндетті сақтандыру шарты бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершілігі сақтандырылған сыныптың соңғы өзгерген күнінен бастап кемінде күнтізбелік 270 (екі жүз жетпіс) күн туралы дерекқорда ақпараттың болуы.

Көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған адамдар үшін сыныптар бұл құқықтан айыру мерзімі ішінде көтерілмейді.

Көлік құралын басқару құқығынан айырылған жағдайда сыныпты неғұрлым жоғары сыныпқа өзгерту үшін міндетті сақтандыру шарты бойынша сақтанушының (сақтандырылушының) азаматтық-құқықтық жауапкершілігі, жасалған міндетті

сақтандыру шарттарының санына қарамастан, көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған күнге дейін сақтандырылған сыныптың соңғы өзгерген күнінен бастап күндер ескеріледі.

4. Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде Қағидалардың 5-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, сақтанушыға (сақтандырылушыға) алғаш рет А сыныбы беріледі.

Егер дерекқорда сақтанушы (сақтандырылушы) бұрын жасасқан міндетті сақтандыру шарттары туралы ақпарат болмаса, міндетті сақтандыру шарты алғаш рет жасалған болып есептеледі.

5. Қазақстан Республикасының аумағына уақытша кірген (алып келінген) көлік құралдарының иелерімен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде 13-сынып беріледі.

6. Зардап шегушінің қайтыс болуына әкеп соққан сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайының болуы сақтанушының (сақтандырылушының) сыныбының ең төменгі сыныпқа – М2-ге төмендеуіне әкеп соғады.

7. Қағидалардың 8-тармағында көзделген адамдарды қоспағанда, заңды тұлғамен, жеке кәсіпкермен және шаруа қожалығымен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде 3-сынып беріледі.

8. Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарын жалдау, жеңіл автомобильдер мен жеңіл автокөлік құралдарының лизингі, автобуспен тасымалдау, сондай-ақ такси қызметін жүзеге асыру жөніндегі қызметтерге сәйкес келетін заңды тұлғамен, жеке кәсіпкермен және шаруа қожалығымен міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде А сыныбы беріледі.

9. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайын Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңның 22-2-бабына сәйкес реттеудің оңайлатылған тәртібі арқылы реттеу кезінде сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1 сыныпқа артық сынып беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі мынадай:

бір міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған екі немесе одан да көп сақтандыру жағдайлары болған жағдайда;

сақтанушының (сақтандырылушының) қолданыстағы сыныбы М1 немесе М2 болған жағдайда;

13-тармақтың ережелерін қолданған жағдайда қолданылмайды.

10. Нәтижесінде зардап шегушінің (зардап шегушілердің) мүлкі бойынша сақтандыру төлемінің сомасы 200 айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сақтанушының

(сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы болған кезде сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1 сыныпқа артық сынып беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі мынадай:

бір міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған екі немесе одан да көп сақтандыру жағдайлары болған жағдайда;

сақтанушының (сақтандырылушының) қолданыстағы сыныбы М1 немесе М2 болған жағдайда;

егер сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен туындаған сақтандыру оқиғасы өлімге әкеп соқса;

көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы Заңның 22-2-бабына сәйкес сақтандыру жағдайын реттеудің оңайлатылған тәртібін қолданған жағдайда;

13-тармақтың ережелерін қолданған жағдайда қолданылмайды.

11. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен көлік құралын тіркеу аумағынан тыс жерде орын алған сақтандыру жағдайы болған кезде сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1-сыныпқа кем сынып беріледі.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережесі мынадай:

егер Көлік құралдары иелерінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру туралы заңның 19-бабының 3-тармағында көзделген, сақтандыру жағдайы орын алған көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттің мөлшері көлік құралы тіркелген көлік құралын тіркеу аумағы бойынша коэффициенттен төмен болған жағдайда;

бір міндетті сақтандыру шарты шеңберінде сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған екі немесе одан да көп сақтандыру жағдайлары болған жағдайда қолданылмайды.

12. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (жағдайлары) болған кезде және сақтанушыда (сақтандырылушыда) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі (бұдан әрі – Кодекс) бойынша жауапкершілік көзделген, мынадай жол жүрісі қағидаларын жиынтығында үш және одан да көп бұзушылық болған кезде, сақтанушыға (сақтандырылушыға) Қағидаларға қосымшада көзделген сыныптан 1 сыныпқа кем сынып беріледі:

1) Кодекстің 592-бабының 3-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралының белгіленген қозғалыс жылдамдығының сағатына қырықтан алпыс километрге дейінгі шамаға артуы;

2) Кодекстің 592-бабының 3-1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралының белгіленген қозғалыс жылдамдығының сағатына алпыс және одан да көп километрден астам шамаға артуы;

3) Кодекстің 592-бабының 4-бөлігінде жауапкершілік көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған көлік құралының белгіленген қозғалыс жылдамдығының сағатына жиырмадан қырық километрге дейінгі шамаға немесе сағатына қырықтан алпыс километрге дейінгі шамаға артуы;

4) Кодекстің 592-бабының 5-бөлігінде жауапкершілік көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған көлік құралының белгіленген қозғалыс жылдамдығының сағатына алпыс және одан да көп километрден астам шамаға артуы;

5) Кодекстің 596-бабының 3-бөлігінде жауапкершілік көзделген, жол жүрісі қағидаларында тыйым салынған жағдайларда, жолдың жүру бөлігінің қарсы бағытта жүруге арналған жағына, оның ішінде кері бұрылып немесе бұрылыс жасап шығу;

6) Кодекстің 599-бабының 1-бөлігінде жауапкершілігі көзделген, Кодекстің 607-бабының 1-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағдаршамның тыйым салу сигналына немесе реттеушінің тыйым салу қимылына жол жүру;

7) Кодекстің 599-бабының 2-бөлігінде жауапкершілік көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, Кодекстің 607-бабының 1-бөлігінде көзделген жағдайларды қоспағанда, бағдаршамның тыйым салу сигналына немесе реттеушінің тыйым салу қимылына жол жүру;

8) Кодекстің 600-бабының 1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, қозғалыста артықшылыққа ие көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жаяу жүргіншілерге немесе жол жүрісіне өзге де қатысушыларға жол беру туралы жол жүрісі қағидаларының талаптарын орындамау;

9) Кодекстің 600-бабының 2-бөлігінде жауапкершілік көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, Кодекстің 600-бабының 1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, қозғалыста артықшылыққа ие көлік құралдарының жүргізушілерін қоспағанда, жаяу жүргіншілерге немесе жол жүрісіне өзге де қатысушыларға жол беру туралы жол жүрісі қағидаларының талаптарын орындамау;

10) Кодекстің 606-бабының 1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, жол жүрісіне қатысушының авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан жол жүрісі қағидаларын бұзуы, яғни қозғалыстың басқа қатысушыларын қозғалыс жылдамдығын, бағытын күрт өзгертуге мәжбүрлеуі;

11) Кодекстің 606-бабының 2-бөлігінде жауапкершілік көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған, Кодекстің 606-бабының 1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, жол жүрісіне қатысушының авариялық жағдай туғызуға әкеп соққан жол жүрісі қағидаларын бұзуы, яғни қозғалыстың басқа қатысушыларын қозғалыс жылдамдығын, бағытын күрт өзгертуге мәжбүрлеуі;

12) Кодекстің 590-бабының 5-бөлігінде жауапкершілік көзделген, Кодекстің 590-бабының 6-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, техникалық регламенттердің, ұлттық стандарттардың талаптарына жауап бермейтін көлік

құралдарын басқару, сондай-ақ көлік құралдарын пайдалануға тыйым салынатын ақаулар немесе жағдайлар болған кезде;

13) Кодекстің 590-бабының 6-бөлігінде жауапкершілік көзделген, тежегіш жүйесінің, рульдік басқарудың, тартқыш-тіркеме құрылғысының ақаулары бар көлік құралдарын басқару.

Осы тармақтың ережелерін қолдану үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулылар және (немесе) айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқамалар алдыңғы сыныптың өзгерген күнінен бастап, міндетті сақтандыру келісімдерінің санына қарамастан, заңды күшіне енген мерзімде ескеріледі.

13. Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы (жағдайлары) болған кезде және сақтанушыда (сақтандырылушыда) Кодекспен немесе Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі (бұдан әрі – Қылмыстық кодекс) бойынша жауапкершілік көзделген, мынадай жол жүрісі қағидаларының бірін бұзу орын алған кезде, сақтанушыға (сақтандырылушыға) ең төменгі сынып – М2 беріледі:

1) Кодекстің 608-бабының 1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралын жүргізушінің алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде басқаруы , сол сияқты көлік құралын басқаруды алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде тұрған адамға беру;

2) Кодекстің 608-бабының 3-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйінде басқарған жүргізуші, сондай-ақ көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйіндегі адамға басқаруға беру нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру немесе қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері жоқ көлік құралдарына, жүктерге, жол және өзге де құрылыстарға не басқа да мүлікке зақым келтіру;

3) Кодекстің 608-бабының 3-1-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйінде басқарған жүргізуші, сондай-ақ көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйіндегі адамға басқаруға беру, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайларда;

4) Кодекстің 608-бабының 3-2-бөлігінде жауапкершілік көзделген, көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйінде басқарған жүргізуші, сондай-ақ көлік құралын алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйіндегі адамға басқаруға беру нәтижесінде жәбірленушінің денсаулығына зиян келтіру немесе қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері жоқ көлік құралдарына, жүктерге, жол және өзге де құрылыстарға не басқа да мүлікке зақым келтіру, әкімшілік жаза мерзімі өткеннен кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған жағдайларда;

5) Қылмыстық кодекстің 345-1-бабында жауапкершілік көзделген, жол қозғалысы ережелерін немесе көлік құралдарын пайдалану ережелерін алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық мас күйінде басқарған адамдардың бұзуы.

Осы тармақтың ережелерін қолдану үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулылар және (немесе) айыппұл төлеу қажеттілігі туралы нұсқамалар алдыңғы сыныптың өзгерген күнінен бастап, міндетті сақтандыру келісімдерінің санына қарамастан, заңды күшіне енген мерзімде ескеріледі.

14. Қағидалардың 9, 10, 11 және 12-тармақтарында айқындалған бірнеше шарттарға сәйкес келетін сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен болған сақтандыру жағдайы болған кезде осы тармақтардың ережелері Қағидалардың 9, 10 және 11-тармақтарында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, бір мезгілде қолданылады.

15. 13-сыныпта 5 жылдан астам үздіксіз тұрған сақтанушы (сақтандырылушы) жеке тұлғалар үшін сақтандырушы тәуекелдерді және (немесе) деректер базасында қамтылған деректерді өзіндік бағалау негізінде айқындалатын коэффициентті қолданады. Бұл ретте қолданылатын коэффициент 13-сынып үшін Қағидаларға қосымшада белгіленген мәннен аспауы және нөлге тең болмауы тиіс.

13-сыныпта 5 жылдан астам үздіксіз тұрған сақтанушы (сақтандырылушы) жеке тұлғалар үшін сақтандырушының тәуекелдерін меншікті бағалау сақтандыру жағдайының туындау ықтималдығына әсер ететін параметрлерге негізделеді және сақтандырушының директорлар кеңесі бекітеді.

Егер 13-сыныпта 5 жылдан астам үздіксіз тұрған сақтанушы (сақтандырылушы) жеке тұлғалар үшін қолданылған коэффициент 13-сыныпқа арналған Қағидаларға қосымшада белгіленген коэффициенттің мәніне тең болмаған жағдайда, қолданылған коэффициентті сақтандырушы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрбір сақтанушы (сақтандырылушы) бойынша дерекқорға енгізеді.

Көлік құралдары иелерінің
азаматтық-құқықтық
жауапкершілігін міндетті
сақтандыру бойынша
сақтандыру сыйлықақысын
есептеу үшін "бонус-малус"
жүйесі бойынша есептеу
және коэффициентті
қолдану қағидаларына
қосымша

Міндетті сақтандыру шартын жасасу кезінде тиісті сыныпты бере отырып, "бонус-малус" жүйесі бойынша коэффициенттер:

Сынып	Коэффициент мөлшері	Сақтанушының (сақтандырылушының) кінәсінен сақтандыру жағдайларының болуын есепке ала отырып, міндетті сақтандыру шартын жасасу кезіндегі сынып				
		сақтандыру жағдайы 0	сақтандыру жағдайы 1	сақтандыру жағдайы 2	сақтандыру жағдайы 3	сақтандыру жағдайы 4 және одан көп
1	2	3	4	5	6	7
M2 сыныбы	3,50	M1	M2	M2	M2	M2

М1 сыныбы	3,00	М	М2	М2	М2	М2
М сыныбы	2,45	0	М2	М2	М2	М2
0-сынып	2,30	1	М2	М2	М2	М2
А сыныбы	1,80	3	М1	М2	М2	М2
1-сынып	1,55	2	М	М1	М2	М2
2-сынып	1,40	3	1	М	М1	М2
3-сынып	1,00	4	1	М	М1	М2
4-сынып	0,95	5	2	0	М1	М2
5-сынып	0,90	6	3	0	М	М2
6-сынып	0,85	7	4	1	М	М2
7-сынып	0,80	8	4	1	М	М2
8-сынып	0,75	9	5	2	М	М2
9-сынып	0,70	10	5	2	0	М2
10-сынып	0,65	11	6	3	0	М2
11-сынып	0,60	12	6	3	0	М2
12-сынып	0,55	13	6	3	0	М2
13-сынып	0,50	13	7	3	0	М2

Тізбеге 2-қосымша
Міндетті актуарлық
қорытындының мазмұнына
және табыс етілу тәртібіне
қойылатын талаптарға
1-қосымша
Нысан

Сақтандыру резервтерін есептеуге арналған актуарлық қорытынды

1. Актуарлық есептеулер _____ жағдай бойынша жүргізілді.
2. Актуарлық қорытынды жасаудың мақсаты _____.

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:

- 1) толық атауы _____;
- 2) орналасқан жері және банктік деректемелері _____;
- 3) мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі _____;
- 4) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия _____.

(нөмірі және берген күні)

4. Актуарий туралы деректер:

- 1) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____

_____;
2) тұрғылықты жері (орналасқан жері) _____

_____;
3) сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

_____ (нөмірі және берген күні)

5. Актуарлық қорытындының түрі:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша: бастамашылық – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын; міндетті – Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын;

2) сақтандыру саласы (сыныбы) бойынша: "өмірді сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылатындар; "жалпы сақтандыру" саласы бойынша жүзеге асырылатындар;

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында белгіленген сыныптауға сәйкес қайта сақтандыру немесе сыныптар бойынша жүзеге асырылатындар;

3) жасау мақсаты бойынша: есептік – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есепті күнге жүзеге асырылатындар; жоспарлы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне сақтандырудың жаңа сыныбы бойынша сақтандыруды (қайта сақтандыруды) енгізген

кезде жүзеге асырылатындар; кейінгі – бұрын жүргізілген актуарлық есептеулерді түзету мақсатында жүзеге асырылатындар;

4) қолдану ауқымы бойынша: ортақ – Қазақстан Республикасының аумағында, сондай-ақ одан тысқары аумақтарда қолдану үшін есептелгендер; өңірлік – Қазақстан

Республикасының жеке өңірлері үшін есептелгендер; жеке – жеке сақтандырушы және

(немесе) сақтандырушылар тобы (заңды және (немесе) жеке тұлғалар) үшін есептелгендер;

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) тізбесі

_____.

7. Актуарий пайдаланған материалдар мен деректер (олардың дереккөздері және (немесе) алынған орны) _____

_____.

8. Актуарий пайдаланған есептеу әдістемесі:

1) тәуелсіз актуарий сақтандыру резервтерін және қайта сақтандырушының сақтандыру

резервтеріндегі үлесін есептеу кезінде пайдаланған есептеулер әдістемесі, оның ішінде

сипаттамасы, негіздемесі, жорамалдары мен болжамдары. "Өмірді сақтандыру" саласы

бойынша актуарлық бағалау жүргізген жағдайда сақтандыру түрлері бойынша резервтік және тарифтік базистердің өлшемдері көрсетіледі

_____ ;

2) актуарлық есептеулерде пайдаланылған статистикалық және өзге де деректер

_____ ;

3) қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы мөлшері, сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде пайдаланылатын жария етілген шығындар саны

_____ ;

4) қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін есептеу үшін пайдаланылатын әдістер мен үлгілер

_____ ;

5) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін (бұдан әрі - ОМШР) есептеу әдісін, ОМШР есептеу үшін пайдаланылатын шығындар кезеңін таңдау, шығындарды

дамыту, сондай-ақ ірі шығындарды реттеу коэффициентін таңдау бойынша негіздеме

_____ ;

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептеу кезінде пайдаланған барлық өлшемдерін көрсете отырып, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған кезде оны

жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР есептеу кезінде

есепке алынатын пайда алушының еңбекке жарамдылық дәрежесін қайта куәландыруға

және (немесе) ұзартуға, денсаулығының нашарлауына байланысты міндеттемелерінің

негіздемесі және сомаларының есебі

_____ ;

7) қосымшасын бере отырып, өмірді сақтандыру шарттары және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде еркек және

(немесе) әйел жынысты адамдардың (қалыптасу көздері, құру әдістемесі) алдағы өмірінің ұзақтығына байланысты қайтыс болу, мүгедектік, ауырып қалу ықтималдығы

және солардың негізінде есептелген шамасы қамтылған, пайдалануға арналған кесте

8) жарияланған талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарастыруға және реттеуге тікелей байланысты шығыстар сомасының есебі және негіздемесі, сондай-ақ сақтандыру жағдайларының топтары бойынша жүргізілген, ақысы төленген

шағым-талаптардың орташа мәнінің есебі

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қосымша тәуекелдердің бар немесе жоқ

екендігі туралы қорытынды. Қосымша тәуекелдер болған кезде сақтандыру резервтерін

ұлғайту мөлшерін көрсету қажет

10) жұмылдырылған мамандар тарапынан алынған актуарлық көмектің сипаттамасы

9. Алынған қорытындылар мен тұжырымдар:

1) сақтандыру сыныптары бөлігіндегі қайта сақтандырушының сақтандыру резервтерінің және сақтандыру резервтеріндегі үлесінің актуарлық есептеулерінің нәтижелері;

2) зияндар резервтерінің барабарлығына жүргізілген тестердің, оның ішінде әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке және жалпы сақтандыру портфелі бойынша соңғы

12 (он екі) ай ішіндегі деректердің негізіндегі ретроспективті талдаудың нәтижелері

Сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігі (жеткіліксіздігі) туралы қорытындылар және

сақтандыру резервтері жеткіліксіз болған жағдайда жеткіліксіздіктің себептерін талдау;

3) қорытындылар мен тұжырымдар.

10. Ұсынымдар (болмаған жағдайда "жоқ" деп көрсетіледі)

11. Ақтуарлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны

12. Қолы, күні және дана саны

Тізбеге 3-қосымша
Міндетті ақтуарлық
қорытындының мазмұнына және
табыс етілу тәртібіне
қойылатын талаптарға
1-1-қосымша
Нысан

Сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша ақтуарлық қорытынды

1. Ақтуарлық есептеулер _____ жағдай бойынша жүргізілді.

2. Ақтуарлық қорытынды жасаудың мақсаты _____

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:

1) толық атауы _____ ;

2) орналасқан жері және банктік деректемелері _____ ;

3) мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі _____ ;

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға берілген лицензия

(нөмірі және берген күні)

4. Ақтуарий туралы деректер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) _____ ;

2) тұрғылықты жері (орналасқан жері) _____ ;

3) сақтандыру нарығында ақтуарлық қызметті жүзеге асыруға берілген лицензия

(нөмірі және берген күні)

5. Ақтуарлық қорытындының түрі:

1) міндеттілік дәрежесі бойынша: бастамашылық – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының бастамасы бойынша жүзеге асырылатын.; міндетті – Қазақстан

Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда жүзеге асырылатын;
2) жасау мақсаты бойынша: есептік – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша есепті күнге жүзеге асырылатындар; жоспарлы – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметіне сақтандырудың жаңа сыныбы бойынша сақтандыруды (қайта сақтандыруды)

енгізген

кезде жүзеге асырылатындар; кейінгі – бұрын жүргізілген актуарлық есептеулерді түзету мақсатында жүзеге асырылатындар;

6. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) тізбесі

7. Актуарий пайдаланған материалдар мен деректер (олардың дереккөздері және (немесе) алынған орны)

8. Актуарий пайдаланған міндеттемелерді бағалау әдістемесі мен моделі:

1) шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары және шығыс қайта сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері мен активтерін есептеу кезінде актуарий пайдаланған міндеттемелерді бағалау әдістемесі мен моделі, оның ішінде сипаттамасы, негіздемесі, жорамалдары мен болжамдары.

;

2) актуарлық есептеулерде пайдаланылған статистикалық және өзге де деректер, оның

ішінде сақтандыру міндеттемелерін және шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру

шарттары және шығыс қайта сақтандыру шарттары бойынша активтерді есептеу мақсатында ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын табыстылық

мөлшерлемелері, қаржылық тәуекел, қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету,

қосымшасын бере отырып, өмірді сақтандыру шарттары және аннуитеттік сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелерін есептеу кезінде еркек және (немесе)

әйел жынысты адамдардың (қалыптасу көздері, құру әдістемесі) алдағы өмірінің ұзақтығына байланысты қайтыс болу, мүгедектік, ауырып қалу ықтималдығы және

солардың негізінде есептелген шамасы қамтылған, пайдалануға арналған кесте.

3) жұмылдырылған мамандар тарапынан алынған актуарлық көмектің сипаттамасы

9. Алынған қорытындылар мен тұжырымдар:

1) шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары және шығыс қайта сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері мен активтерінің актуарлық есептеулерінің нәтижелері;

2) қамтудың қалған бөлігі бойынша міндеттемелерді және туындаған сақтандыру шығындары бойынша міндеттемелерді ашу; 3) қорытындылар мен тұжырымдар.

10. Ұсынымдар (болмаған жағдайда "жоқ" деп көрсетіледі)

11. Актуарлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны

12. Қолы, күні және дана саны

Тізбеге 4-қосымша
Актуарийдің біліктілігін
растауға қойылатын талаптарға
1-қосымша

Кәсіби даму бағдарламасы

№	Қызмет бағыты	Балл саны
1	Шетел басылымында актуарлық қызмет жөнінде мақала жариялау	600
2	Мерзімді баспасөз басылымдарында актуарлық қызмет жөнінде мақала жариялау	400
3	Халықаралық актуарийлер конгресіне қатысу	800
4	Актуарлық қызмет жөніндегі халықаралық конференцияға қатысу	600
5	Қаржылық қызмет жөніндегі халықаралық конференцияға қатысу	400
6	Актуарлық қызмет жөніндегі республикалық конференцияға қатысу	400
7	Қаржылық қызмет жөніндегі республикалық конференцияға қатысу	200

8	Актуарлық қызмет жөніндегі семинарға, шетелдердегі оқуға қатысу	400
9	Сактандыру қызметі жөніндегі семинарға, шетелдердегі оқуға қатысу	200
10	Актуарлық қызмет бойынша Қазақстан Республикасының аумағында немесе шетелде семинарға, вебинарға, шеберлік кластарға, онлайн оқытуларға қатысу	100
11	Сактандыру қызметі жөніндегі Қазақстан Республикасының аумағында немесе шетелде семинарға, вебинарға, шеберлік кластарға, онлайн оқытуларға қатысу	100
12	Актуарлық пәндер (семестрдегі) оқытушылық қызметті жүзеге асыру	800
13	SOA (Society of Actuaries (Сосайити оф Актуариеес)) (USA), CAS (Casualty Actuarial Society (Кэжуалти Актуариал Сосайити)) (USA), Institute and Faculty of Actuaries (Институт оф Актуариеес) (United Kindom), Actuaries Institute (Актуариал Институт) (Australia), Canadian Institute of Actuaries (Канэйдиан Институт оф Актуариеес)(Canada), CFA (Chartered Financial Analyst (Чартеед Файнаншл Аналист)), FRM (Financial Risk Manager)(Файнаншл тәуекел менеджер) актуарлық емтихандардың бірін ойдағыдай тапсыру	1200
14	"Актуарий" мамандығы бойынша магистерлік диссертациялардың жетекшісі ретіндегі қызметті жүзеге асыру	500
15	Лектор ретінде Қазақстан Республикасының аумағында немесе шетелде семинарға, вебинарға, шеберлік кластарға, онлайн оқытуларға қатысу	400
16	Қазақстан актуарийлері бірлестігіне және (немесе) халықаралық актуарлық қауымдастықтың мүшесі болып табылатын ұйымға ерікті мүшелік	200

17	Қазақстан актуарийлерінің бірлестігімен расталған Қазақстанның актуарлық қызметін дамытуға қосқан үлесі	400
18	Уәкілетті орган растаған Қазақстанның актуарлық және сақтандыру қызметін дамытуға қосқан үлесі	400

Тізбеге 5-қосымша
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының штатында тұрған
актуарийдің қызметін тексеру
үшін тәуелсіз актуарийді тарту,
тәуелсіз актуарийдің сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
штатында тұрған актуарий
жүргізген есептеулердің
шынайылығын тексеру
нәтижелерін жіберу
қағидаларына және мерзімдеріне
2-қосымша
Нысан

Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру резервтерінің есебіне актуарлық қорытындысы

1. Актуарлық бағалау _____ жағдай бойынша жүргізілді.

2. Актуарлық қорытынды жасау мақсаты _____

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:

1) толық атауы _____

2) орналасқан жері және банктік деректемелері _____

3) мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі _____

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия

(нөмірі және берген күні)

4. Тәуелсіз актуарий туралы деректер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

2) тұрғылықты жері (орналасқан орны) _____

3) актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия

_____.

(нөмірі және берген күні)

5. Ақтуарлық бағалау жүргізуге тапсырыс беруші _____

_____.

6. Бағалау түрі (міндетті, бастама бойынша) _____

_____.

7. Ақтуарлық есептеулерді дайындау негіздемесі _____

_____.

(шарт, шарттың нөмірі және жасалған күні)

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) тізбесі _____

_____.

9. Ақтуарий пайдаланған басқа да материалдар мен деректер (олардың дереккөздері және (немесе) алынған орны)

_____.

10. Ақтуарлық зерттеудің мәні (міндеттер тізбесі)

_____.

11. Тәуелсіз ақтуарий сақтандыру резервтерін және қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін есептеу кезінде пайдаланған әдістеме:

1) тәуелсіз ақтуарий сақтандыру резервтерін және қайта сақтандырушының сақтандыру

резервтеріндегі үлесін есептеу кезінде пайдаланған есеп айырысу әдістемесі, оның ішінде сипаттамасы, негіздемесі, жорамалдары мен болжамдары. "Өмірді сақтандыру"

саласы бойынша ақтуарлық бағалау жүргізген жағдайда сақтандыру түрлері бойынша

резервтік және тарифтік базистердің өлшемдері көрсетіледі

_____;

2) тәуелсіз ақтуарийдің ақтуарлық есеп айырысуларда пайдаланған статистикалық және өзге де деректері

_____;

3) қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы мөлшері, тәуелсіз ақтуарий сақтандыру сыныптары

бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде пайдаланған, жария етілген шығындар саны

4) тәуелсіз актуарий қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін бағалауға пайдаланатын әдістері мен модельдері

5) орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін (бұдан әрі - ОМШР) есептеу әдісін, ОМШР есептеу үшін пайдаланылатын шығындар кезеңін таңдау, шығындарды

дамыту, сондай-ақ ірі шығындарды реттеу коэффициентін таңдау бойынша негіздеме

6) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп айырысу кезінде пайдаланған барлық өлшемдерін көрсете отырып, қызметкер еңбек (қызмет) міндеттерін атқарған

кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР есептеу кезінде есепке алынатын пайда алушының еңбекке жарамдылық дәрежесін қайта куәландыруға және (немесе) ұзартуға, денсаулығының нашарлауына байланысты

міндеттемелерінің негіздемесі және сомаларының есебі

7) қосымшасын бере отырып, өмірді сақтандыру шарттары және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде еркек және (немесе) әйел жынысты адамдардың (қалыптасу көздері, құру әдістемесі) алдағы өмірінің ұзақтығына байланысты қайтыс болу, мүгедектік, ауырып қалу ықтималдығы

және солардың негізінде есептелген шамасы қамтылған, пайдалануға арналған кесте

8) мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарастыруға және реттеуге тікелей байланысты шығыстар сомасының есебі және негіздемесі, сондай-ақ сақтандыру жағдайларының топтары бойынша жүргізілген, ақысы төленген

шағым-талаптардың орташа мәнін есептеу

9) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қосымша тәуекелдердің бар немесе жоқ

екендігі туралы қорытынды. Қосымша тәуекелдер болған кезде сақтандыру резервтерін ұлғайту мөлшерін көрсету қажет

_____ ;
10) жұмылдырылған мамандар тарапынан алынған актуарлық көмектің сипаттамасы

_____ .
12. Алынған қорытындылар мен тұжырымдар, оның ішінде:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарий және сақтандыру

резервтері мен сақтандыру сыныптары бөлігіндегі тәуелсіз актуарий есептеулері кезінде алынған нәтижелерді салыстыру

_____ ;
2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің есептеулері кезінде алынған сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігі туралы қорытынды және сақтандырудың әрбір сыныбы бойынша жеке-жеке және жалпы сақтандыру портфелі

бойынша сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігіне жүргізілген талдау нәтижелері

_____ ;
3) қорытындылар мен тұжырымдар _____ .

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің қорытындыны жасауының дұрыстығын бағалау, оның ішінде:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарий есептерінің Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

2) сақтандыру резервтерін есептеу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының

штатындағы актуарий пайдаланған жорамалдар мен болжамдардың негізділігі;

3) сақтандыру резервтерінің мөлшерін анықтау кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының штатындағы актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша тәуекелдерін есепке алу.

14. Ұсынымдар (болмаған жағдайда "жоқ" деп көрсетіледі)

—
15. **Ақтуарлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны**

—
16. **Қолы, күні және дана саны** _____

Тізбеге 6-қосымша
Сақтандыру (қайта сақтандыру)
ұйымының штатында тұрған
актуарийдің қызметін тексеру
үшін тәуелсіз актуарийді тарту,
тәуелсіз актуарийдің сақтандыру
(қайта сақтандыру) ұйымының
штатында тұрған актуарий
жүргізген есептеулердің
шынайылығын тексеру
нәтижелерін жіберу
қағидаларына және мерзімдеріне
2-1-қосымша
Нысан

Тәуелсіз актуарийдің сақтандыру міндеттемелерін бағалау бойынша актуарлық қорытындысы

1. **Ақтуарлық бағалау** _____ **жағдай бойынша жүргізілді** _____

2. **Ақтуарлық қорытынды жасау мақсаты** _____

—
3. **Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы туралы деректер:**

1) **толық атауы** _____

—
2) **орналасқан жері және банктік деректемелері** _____

3) мемлекеттік тіркеу күні және нөмірі _____

4) сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия

(нөмірі және берген күні)

4. Тәуелсіз актуарий туралы деректер:

1) тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) _____

2) тұрғылықты жері (орналасқан орны) _____

3) актуарлық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия

(нөмірі және берген күні)

5. Актуарлық бағалау жүргізуге тапсырыс беруші _____

6. Бағалау түрі (міндетті, бастама бойынша) _____

7. Актуарлық есептеулерді дайындау негіздемесі _____

(шарт, шарттың нөмірі және жасалған күні)

8. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы ұсынған құжаттардың (мәліметтердің) тізбесі

9. Актуарий пайдаланған басқа да материалдар мен деректер (олардың дереккөздері және (немесе) алынған орны)

10. Актуарлық зерттеудің мәні (міндеттер тізбесі)

11. Тәуелсіз актуарий шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары және шығыс қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері мен

активтерін бағалау кезінде пайдаланған әдістеме мен модельдер:

1) тәуелсіз актуарий шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары және шығыс

қайта сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері мен активтерін бағалау кезінде пайдаланған есеп айырысу әдістемесі мен модельдері, оның ішінде сипаттамасы, негіздемесі, жорамалдары мен болжамдары.

2) шығарылған сақтандыру/қайта сақтандыру шарттары және шығыс қайта сақтандыру

шарттары бойынша сақтандыру міндеттемелері мен активтерін есептеу мақсатында ақша ағындарын дисконттау үшін қолданылатын актуарлық есептеулерде пайдаланылған статистикалық және өзге де деректер мен жол берулер, оның ішінде кірістілік мөлшерлемелері, қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету,

қосымшасын

бере отырып, өмірді сақтандыру шарттары және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде еркек және (немесе) әйел жынысты

адамдардың (қалыптасу көздері, құру әдістемесі) алдағы өмірінің ұзақтығына байланысты қайтыс болу, мүгедектік, ауырып қалу ықтималдығы және солардың негізінде есептелген шамасы қамтылған, пайдалануға арналған кесте

3) жұмылдырылған мамандар тарапынан алынған актуарлық көмектің сипаттамасы

12. Алынған қорытындылар мен тұжырымдар, оның ішінде:

1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарий және сақтандыру

резервтері мен сақтандыру сыныптары бөлігіндегі тәуелсіз актуарий есептеулері кезінде алынған нәтижелерді салыстыру

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің есептеулері кезінде алынған сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігі туралы қорытынды және жалпы сақтандыру портфелі бойынша сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігіне жүргізілген талдау нәтижелері

3) қорытындылар мен тұжырымдар

13. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарийдің

қорытындыны жасауының дұрыстығын бағалау, оның ішінде:

- 1) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарий есептерінің қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарының талаптарына сәйкестігі;
- 2) сақтандыру міндеттемелерін есептеу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының штатындағы актуарий пайдаланған жорамалдар мен болжамдардың негізділігі;

3) сақтандыру резервтерінің мөлшерін анықтау кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру)

ұйымының штатындағы актуарийдің сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша тәуекелдерін есепке алу.

14. Ұсынымдар (болмаған жағдайда "жоқ" деп көрсетіледі) _____

15. Актуарлық қорытындыны дайындау мерзімі және жасау орны

16. Қолы, күні және дана саны
